

**НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ  
АРАБ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР ФАКУЛЬТЕТІ  
АРАБ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕР КАФЕДРАСЫ**

Университеттің Ғылыми кеңесінде  
қаралып, бекітілді.  
№ \_\_\_\_\_ хаттама.  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

Университет ректоры,  
доктор, профессор  
\_\_\_\_\_ М.Ш. Жинди

2021-2022 оқу жылына арналған  
**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

6B01701 – «Шетел тілі: екі шетел тілі»  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ (араб-ағылшын, ағылшын-араб)»  
(4 жылдық күндізгі бөлім)

**АЛМАТЫ, 2021**

Құрастырған: Араб және ағылшын тілдер кафедрасы

Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.  
Кафедра меңгерушісі PhD доктор, аға оқытушы Манабаев Б.М. \_\_\_\_\_

Араб филологиясы және гуманитарлық пәндер факультеті кеңесінде талқыланып,  
мақұлданды.

Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

Факультет деканы Мухаммад Салахуддин Ахмед Салем \_\_\_\_\_

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде келісілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

ОӘК төрайымы М.А.Жолмағанбетова \_\_\_\_\_

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

### **I семестр**

#### **Міндетті пәндер:**

- 1) ККЗТ 1101 Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы – 5 кредит
- 2) ShT 1104 Шетел тілі – 5 кредит

- 3) K(O)T 1104 Қазақ (орыс) тілі – 5 кредит
- 4) Ale 1107 Әлеуметтану – 2 кредит
- 5) Saya 1107 Саясаттану – 2 кредит
- 6) EOK 1108 Экология және өмір қауіпсіздігі – 5 кредит
- 7) ArT (A1) 1109 Араб тілі (A1) – 4 кредит
- 8) DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит

## II семестр

### Міндетті пәндер:

- 1) ShT 1104 Шетел тілі – 5 кредит
- 2) K(O)T 1104 Қазақ (орыс) тілі – 5 кредит
- 3) Mad 1207 Мәдениеттану – 2 кредит
- 4) Psi 1207 Психология – 2 кредит
- 5) DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 6) Din 1202 Дінтану – 3 кредит
- 7) ArT (A2) 1209 Араб тілі (A2) – 5 кредит
- 8) IT 1206 Ислам теологиясы – 3 кредит
- 9) OShTF 1210 Оқытылатын шетел тілінің фонетикасы – 2 кредит
- 10) OTR 1203 Оқу-танысу практикасы – 1 кредит

## III семестр

### Міндетті пәндер:

- 1) Fil 2102 Философия - 5 кредит
- 2) ICT 1105 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағыл.тілінде) – 5 кредит
- 3) DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 4) BShTPK (B1) 2106 Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B1-бастапқы деңгей) – 6 кредит
- 5) TZhTA 2105 Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі – 4 кредит
- 6) KK 1100 Құран Кәрім – 3 кредит

### Элективті пәндер:

#### 1. EShTPK (B1) 2106 Екінші шетел тілінің практикалық курсы (B1-бастапқы деңгей) – 5 кредит

**Мақсаты:** Жаңа лексикалық және грамматикалық құбылыстарды қамтитын тілдік үлгілерлі игеру арқылы жазбаша және ауызша тілдік дағдыларды дамыту болып табылады.

**Мазмұны:** Студенттерді оқыған материалдарды толық түсініп, талдай алуға, естіген материалдарын тыңдау арқылы түсініп, жүйелі түрде монолог, диалог түрінде

жеткізе алуға үйрету. Араб тілінде таза сауатты жаза білуге үйрету.

#### **Нәтиже:**

- **Білімі:** Базалық араб тілі бойынша негізгі теорияларды игеріп, тәжірибеде қолдана білу;

- **Білігі:** Пән бойынша алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу.

- **Құзыреті:** Пәннің мақсат-міндеттерін білу, араб тілі бойынша теория мен тәжірибені ұштастыра білу.

**Пререквизиттер:** ShT 1103 Шетел тілі, ArT (A1) 1109, Араб тілі (A2) 1209

**Постреквизиттер:** EZhTPK (B1) 2204 Екінші шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)

#### 2. MShT (B1) 2106 Мамандандырылған шетел тілі (B1-бастапқы деңгей) – 5 кредит

**Мақсаты:** Студенттерді күнделікті өмірде, тұрмыста кездесетін тілдік формалар, ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында, күнделікте өмірде, кәсіби қарым қатынас жасағанда шетел тілін белсенді қолдана білуге үйрету.

**Мазмұны:** Күнделікті өмірде, тұрмыста кездесетін тілдік формалар, ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында, күнделікте өмірде, кәсіби қарым қатынас жасағанда шетел тілін белсенді қолдана білуге үйрету.

#### **Нәтиже:**

- **Білімі:** Ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында, күнделікте өмірде, кәсіби қарым қатынас жасағанда шетел тілін белсенді қолдана алады.

- **Білігі:** Ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында, күнделікте өмірде, кәсіби қарым қатынас жасағанда шетел тілін белсенді қолдана алады.

- **Құзыреті:** Ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында, күнделікте өмірде, кәсіби қарым қатынас жасағанда шетел тілін белсенді қолдана алады.

**Пререквизиттер:** ShT 1103 Шетел тілі, ArT (A1) 1109, Араб тілі (A2) 1209

**Постреквизиттер:** EZhTPK (B1) 2204 Екінші шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)

## IV семестр

### Міндетті пәндер:

- 1) DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит

- 2) BShTPK (B1) 2206 Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей) – 6 кредит
- 3) Ped 2202 Педагогика – 5 кредит
- 4) KBEShT 2206 Кәсіби бағытталған екінші шетел тілі – 3 кредит
- 5) TBK 2207 Тіл біліміне кіріспе (ағылшын тілі) – 5 кредит

#### Элективті пәндер:

#### 1. EShTPK (B1) 2204 Екінші шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей) – 4 кредит

**Мақсаты:** Жаңа лексикалық және грамматикалық құбылыстарды қамтитын тілдік үлгілерлі игеру арқылы жазбаша және ауызша тілдік дағдыларды дамыту болып табылады.

**Мазмұны:** Студенттерді оқыған материалдарды толық түсініп, талдай алуға, естіген материалдарын тыңдау арқылы түсініп, жүйелі түрде монолог, диалог түрінде жеткізе алуға үйрету. Араб тілінде жаза сауатты жаза білуге үйрету.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Базалық араб тілі бойынша негізгі теорияларды игеріп, тәжірибеде қолдана білу;

**-Білігі:** Пән бойынша алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу.

**-Құзыреті:** Пәннің мақсат-міндеттерін білу, араб тілі бойынша теория мен тәжірибені ұштастыра білу.

**Пререквизиттер:** EShTPK (B1) 2106 Екінші шетел тілінің практикалық курсы (B1-бастапқы деңгей)

**Постреквизиттер:** EShTAMO (B2) 3103 Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-бастапқы деңгей)

#### 2. MShT (B1) 2204 Мамандандырылған шетел тілі (B1-жалғастырушы деңгей) – 4 кредит

**Мақсаты:** Студенттерді күнделікті өмірде, тұрмыста кездесетін тілдік формалар, ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында, күнделікте өмірде, кәсіби қарым қатынас жасағанда шетел тілін белсенді қолдана білуге үйрету.

**Мазмұны:** Күнделікті өмірде, тұрмыста кездесетін тілдік формалар, ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында, күнделікте өмірде, кәсіби қарым қатынас

жасағанда шетел тілін белсенді қолдана білуге үйрету.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында, күнделікте өмірде, кәсіби қарым қатынас жасағанда шетел тілін белсенді қолдана алады.

**-Білігі:** Ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында, күнделікте өмірде, кәсіби қарым қатынас жасағанда шетел тілін белсенді қолдана алады.

**-Құзыреті:** Ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында, күнделікте өмірде, кәсіби қарым қатынас жасағанда шетел тілін белсенді қолдана алады.

**Пререквизиттер:** MShT (B1) 2106 Мамандандырылған шетел тілі (B1-бастапқы деңгей)

**Постреквизиттер:** EShTAMO (B2) 3103 Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-бастапқы деңгей)

#### 1. AİK 2205 Аударма ісіне кіріспе – 5 кредит

**Мақсаты:** Жазбаша аударма пәні бойынша практикалық сабақтарда меңгерген кәсіби аудармашылық шеберлік пен дағдыны жетілдіру. Шетел тілінен қазақ тіліне жазбаша аудару аясында кәсіби аудармашылық қызметті жүзеге асыратын озық тәсілдерді меңгеру. Аудармашының кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуға мүмкіндік беру. Ғылыми, жалпы саяси және бейінді-тақырыптық мәтіндерді жазбаша аудару саласында негізгі кәсіби тәжірибені жинақтау.

**Мазмұны:** Аударманы мәдениетаралық қатынастың маңызды құралы, бір тілдік мәдениет айғағын екіншісіне таныстырушы орталық буын ретінде таныстыру. Мәдени қарым-қатынасқа көп түскен, яғни өзге мәдени әлемнің когнитивті тәжірибесімен кеңінен таныс мәдениеттің тілінің аударуға бейім келетіндігі, соның нәтижесінде аударма ісінің үдере өрбитіндігі де белгілі жайлар. «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша маман дайындауда «Аударма ісіне кіріспе» пәні кәсіби аудармалардың түрлерін, шетел тілінің екіжақты, жазбаша, ауызша түрлерін үйретеді.

#### **Нәтижесі:**

**-Білімі:** арнайы мәтіндер аудармасының ерекшелігін, аудармашыға және жазбаша аударманың дұрыс рәсімделуіне қойылатын

негізгі талаптарын, аудармашылық этиканың негізгі қағидаларын, мәтінді аударма алдында және аудармадан кейін талдауды ұйымдастыруды үйренеді.

**-Білігі:** білім алушы аударма тұрғысынан салыстырмалы талдау жасау, лексикалық және грамматикалық жүйенің және екі тіл категориясының, олармен әр түрлі ақпаратты жеткізу құралдарының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, аударма баламалылығы және баламалылық деңгейлері түсінігін, мәтіннің адресатын ескере отырып аударма барысындағы мәтінді прагматикалық адаптациялау тәсілдерін, бағдарламаларды, мәтіндік редакторларды, электронды сөздіктерді, электронды энциклопедияны қолдану арқылы жеке компьютерде жұмыс істеу, аудармашылық жазба техникасын қолдана алу тиіс.

**-Құзыреті:** білім алушы түпнұсқаның мағыналық құрылымын кешенді есепке алу негізінде жоғары сапалы жазбаша аударманы орындау, түпнұсқа мен аударылатын тілдің негізгі тілдік нормаларын сақтай отырып жазбаша аударманы сауатты және қисынды жүргізу, сөздіктерді, анықтамаларды, дерекқор және ақпараттың басқа да дереккөздерін дұрыс және тиімді пайдалану, оларды өзінің аудармашылық өздігінен білім алуында қолдана білу, шетел тілді мәтіндердің жазбаша аңдатпасын қазақ тілінде құрастыру, аударма лингвистикасы саласындағы білімін аударманы бағалауда және сыни талдауда қолдану, жазбаша аударманы редакциялауға қабілетті болуы тиіс.

**Пререквизиттер:** BShTPK (B1) 2206 Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)

**Постреквизиттер:** AZhAP 3107 Ауызша, жазбаша аударма практикасы

## **2. OShTPG 2205 Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы - 5 кредит**

**Мақсаты:** Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы дегеніміз - студенттердің тіл құрылымы туралы нақты білімдерін қалыптастыру және олардың ауызша және жазбаша түрде шет тілінің грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеу тәжірибелік дағдыларын дамыту; оқытудың педагогикалық бағытын жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті түлектерді дайындау; білім

беру қызметіне жауапкершілік сезімі мен саналы қатынасын қалыптастыру; аудармашы тілдегі елдердегі дүниетанымдық көзқарастардың, патриоттық сезімнің және қоғамдық құбылыстардың мәнін түсінудің дұрыс жүйесін қалыптастыру.

**Мазмұны:** Оқыту бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін көлемдегі кең таралған грамматикалық формалар мен құрылымдарды білу; бағдарлама талаптары шеңберінде әртүрлі грамматикалық формалар мен құрылымдарды қалыптастыру; тыңдауға ұсынылған аудиомәтіндердегі оқылған грамматикалық формалар мен құрылымдарды түсіну, алған білімдері мен қалыптасқан дағдыларын практикада қолдана білу.

### **Нәтижесі:**

**-Білімі:** Студент шет тіліндегі материалдарды оқу, тыңдау, жазу, сөйлеу арқылы игеруі керек.

**-Білігі:** Жеке сөйлемдерді, мәтіндерді талдай білу.

**-Құзыреті:** Сөз мағынасын терең түсінуді, сөз тіркестері мен сөз қолданыстарын меңгертумен қатар сауатты жазу, мәдениетті сөйлеуді меңгеру.

**Пререквизиттер:** BShTPK (B1) 2206 Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)

**Постреквизиттер:** ShTAMO (B2) 3101 Шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2)

### **V семестр**

1. ShTAMO (B2) 3101 Шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2) – 6 кредит
2. PP 3110 Педагогикалық практика – 4 кредит

### **Элективті пәндер:**

**1. EShTM 3102 Екінші шетел тілінің морфологиясы – 5 кредит**

**Мазмұны:** Студенттерге диалог түрінде сөйлеудің функционалды түрлеріне (диалог-талқылау, диалог-түсіндіру, көзқарас алмасу түріндегі диалог) назар аударып отырып, коммуникативті құзыреттің ұйымдастыру деңгейін қалыптастыру.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Студент шетел тіліндегі материалдарды оқу, тыңдау, жазу, сөйлеу арқылы игеруі керек.

**-Білігі:** Дайындықсыз кез келген мәтінді оқу, тыңдап-түсіну, монолог түрінде сөйлеу және жазбаша сауаттылық қабілеті.

**-Құзыреті:** Пән бойынша алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу.

**Пререквизиттер:** EZhTPK 2204 (B1) Екінші шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)

**Постреквизиттер:** EShTAMO 3202 (B2) Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-жалғастырушы деңгей)

## 2. EShTS 3102 Екінші шетел тілі синтаксисі – 5 кредит

**Мақсаты:** Жаңа синтаксистік және грамматикалық құбылыстарды қамтитын тілдік үлгілерді игеру арқылы жазбаша және ауызша тілдік дағдыларды дамыту болып табылады.

**Мазмұны:** Араб тіліндегі синтаксистік ережелермен таныстыру, практика жүзінде қолдана білу.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Студент шет тіліндегі материалдарды оқу, тыңдау, жазу, сөйлеу арқылы игеруі керек.

**-Білігі:** Жеке сөйлемдерді, мәтіндерді талдай білу.

**-Құзыреті:** Сөз мағынасын терең түсінуді, сөз тіркестері мен сөз қолданыстарын меңгертумен қатар сауатты жазу, мәдениетті сөйлеуді меңгеру.

**Пререквизиттер:** EZhTPK 2204 (B1) Екінші шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)

**Постреквизиттер:** EShTAMO 3202 (B2) Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-жалғастырушы деңгей)

## 1. EShTAMO (B2) 3103 Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-бастапқы деңгей) – 5 кредит

**Мақсаты:** Коммуникативті-этномәдени біліктілік пен студенттердің кәсіби біліктілігінің шындалуы. Кәсіби-негізделген қатынас стиліне негізделген тапсырмалар шешу арқылы кәсіби-бағытталған қабілеттерді қалыптастыру.

**Мазмұны:** Қарым-қатынастың қоғамдық-саяси саласы. Саясат, азамат және мемлекет. Оқытылатын тіл елі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы. Сайлау жүйесі. Саяси партиялар.

Оқытылатын тіл елі мен Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаты. Әлеуметтік мәселелер.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Тілді меңгерудің өзінің стратегиясын анықтау, оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану.

**-Білігі:** коммуникативті-интермәдени және кәсіби біліктіліктерін дамыту

**-Құзыреті:** кәсіби-бағытталған қабілеттерді қалыптастыру.

**Пререквизиттер:** EZhTPK (B1) 2204 Екінші шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)

**Постреквизиттер:** EShTAMO (B2) 3202 Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-жалғастырушы деңгей)

## 2. Elt 3103 Елтану – 5 кредит

**Мақсаты:** Студенттерді дүние жүзі аймақтары мен елдерінің физикалық-географиялық, мәдени-тарихи, рекреациялық ресурстары мен экономикалық-әлеуметтік, саяси жағдайларымен, олардың елдердегі туристік саланың дамуына әсерімен таныстыру болып табылады.

**Мазмұны:** Елтану курсы бұл – дүниежүзі аймақтарындағы мемлекеттердің тарихы, табиғаты, халқы, мәдениеті, экономикасы т.б туралы қызықты мәліметтермен таныстыратын курс болып табылады. Курс пәнаралық болып табылады және де туризм мамандығы студенттерінің география, тарих, саясаттану, мәдениеттану ғылымдары аясындағы білімдерін жетілдіреді.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Аймақтардағы қазіргі кездегі туризмнің дамуы мен болашағы және де оған әсер ететін рекреациялық ресурстармен, аумақтық рекреациялық жүйе туралы түсінік қалыптастыру. Кешенді елтанулық сипаттаманың әр бөлімі үшін түсініктер мен терминдердің анықтамасын беру. Елтанулық кешенді құрайтын әрбір компоненттің өзара байланыстары мен туризмге әсерлерін айқындау. Студенттерді болашақтағы туризмнің даму тұрғысынан елдердің ерекшеліктеріне кәсіби баға беруге үйрету.

**-Білігі:** студенттер дүниежүзі елдеріндегі физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономкалық, саяси, геосаяси, мәдени-дінтанушылық ерекшеліктер туралы көз-қарастар қалыптастырып, және де аталмыш

елдердегі мәдениаралық тәжірибелік дағдыларды меңгереді.

**-Құзыреті:** Пән бойынша алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу.

**Пререквизиттер:** BShTPK 2206 Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)

**Постреквизиттер:** OShKhA 3107 Оқытылатын шетел тілі халықтарының әдебиеті

### 1. IShT 3104 Іскерлік шетел тілі – 5 кредит

**Мақсаты:** Халықаралық байланыстар арқылы іске асырылған мамандарды болашақ кәсіби іс-әрекетіне дайындау.

**Мазмұны:** Курс ұсынып отырған тақырыптар тек меңгерген материалды тереңдете ғана қоймай, қосымша тақырыпшалар енгізу, сондай-ақ, ситуациялық коммуникативті тапсырмалар береді. Тақырып пен тақырыпшаларды өту кезегі студенттердің өзіндік жұмысы және аудиториялық жұмыстарын есепке ала отырып, кафедралармен студенттерді ағылшын тілін үйрету практикасының нақты шарттары мен қажеттіліктеріне байланысты бекітіледі.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Студенттердің маңызды арнайы кәсіби салада білімдер мен қабілеттерді, халықаралық концепцияда бағыт табу қабілеті қалыптасады.

**-Білігі:** шетел тілінде іскери қарым-қатынас құрылысы мен мазмұны қабілеттерін қалыптастыру.

**-Құзіреттері:** Іскери этикет және мәдениаралық қарым-қатынас ережелерін меңгеру

**Пререквизиттер:** BShTPK (B1) 2206 Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)

**Постреквизиттер:** ShTAMO (C1) 3201 Шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (C1)

### 2. ShBM 3104 Шетел баспасөз мәтіндері – 5 кредит

**Мақсаты:** Шетел тілін саяси-әлеуметтік ахуалға байланысты ағылшын тілінің бүгінгі даму кезеңінде орын алған өзгерістердің қазіргі ағылшын баспасөзіндегі көрінісін жан-жақты қарастыра отырып бүгінгі медиа-мәтінді адресанттың өз прагматикалық ұстанымын жеткізуде қалайша пайдаланып отырғандығын анықтау және ағылшын тілінің

қазіргі жай-күйіне лингвопрагматикалық тұрғыдан баға беру.

**Мазмұны:** БАҚ арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық-коммуникативтік процестің маңызды элементі – медиа-мәтінді ақиқат болмысты репрезентациялайтын және интерпретациялайтын аса қуатты құрал ретінде қарастыру; медиа-мәтінді бұқаралық санаға әсер етудің прагматикалық стратегияларын жүзеге асыратын және әлеуметтік-реттеушілік қызмет атқаратын фактор ретінде зерделеу; прагматикалық негізгі категориясы – субъектіні адресант-адресат қостағаны аясында жан-жақты қарастыру; адресанттың прагматикалық ұстанымдарының қазіргі ағылшын газеті мәтіндеріндегі жеткізілу тәсілдерін анықтау; қазіргі ағылшын медиа-мәтінінің адресат факторына тигізетін әсерін мәтін интерпретациялануы тұрғысынан саралау.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** газет мәтінінің әсер ету күшін көрсететін прагматикалық интенсификаторларды анықтау.

**-Білігі:** бүгінгі ағылшын басылымдарындағы көрінісін сипаттау;

**-Құзіреттері:** адресант-адресат арасындағы рөлдік қатынастардың медиа-мәтіндегі модальділік категориясын мәтін түзуші мен оны қабылдаушы субъектілер арақатынасы аясында қарастыру;

**Пререквизиттер:** BShTPK (B1) 2206 Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)

**Постреквизиттер:** ShTAMO (C1) 3201 Шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (C1)

### 1. OShTKhA 3107 Оқытылатын шетел тілі халықтарының әдебиеті – 5 кредит

**Мақсаты:** Шетел әдебиетінің қалыптасуы мен әртүрлі ғасырлардағы маңызды этаптарын үйрету, поэмалары мен мақал-мәтелдерді, нақыл сөздер сияқты прозалық шығармаларын меңгеру.

**Мазмұны:** Мәтінмен жұмыс түрлерін жүргізіп, жұмысты саралау, талдау әдісі амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Шетел әдебиеті тарихын, пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдерін игеру.

**-Білігі:** Алған әдебиеті білімін тәжірибемен сәйкестендіру, күнделікті өмірде пайдалана алу, салыстырмалы түрде Отандық әдебиетпен ұштастыра білу.

**-Құзыреті:** Шетел әдебиеті тарихын салыстыра зерттеп, негізгі даталарын, тарихи оқиғаларды саралау.

**Пререквизиттер:** Elt 3103 Елтану

**Постреквизиттер:** EShTR 3202 Екінші шетел тілінің риторикасы

## **2.AZhAP 3107 Ауызша, жазбаша аударма практикасы – 5 кредит**

**Мақсаты:** Білім алушыларға шетел тілінің тілдік ерекшеліктерін, фонетикалық, дыбыстардың қолданылуын, айтылуын сөйлеу әрекетінде қолдана білу, оқып жатқан тілде сөйлеу әрекеті түрлерін жетілдіру іскерлігі; жазу, сөйлеу, тыңдау және оқу жолдарын үйретуді мақсат етеді, тілдің композициялық тілдік түрлерін аударма алу, өзге тілдің жазба мәтіннің ұйымдастыру ережелерін, сөйлеу түрлерін және аударма әдістерін үйренеді.

**Мазмұны:** Оқу жылында жалпы Еуропалық шетел тілдерін меңгеру B1 Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің талаптарын ескере отырып шетел тілдер мамандарын дайындау саласында студенттердің шетел тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттерін мәдениетаралық деңгейде қалыптастыру, продуктивтік және рецептивтік материалды тереңдете және кеңейте түсу жұмыстары жалғастырылады.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Студенттерді ағылшын тілінің фонетикасы, грамматикасы ерекшеліктерімен таныстыра отырып, аударма әдістерімен машықтандыру;

**-Білігі:** Алған білімін тәжірибемен сәйкестендіру, күнделікті өмірде оқыған шетел тілдерін аударма алу.

**-Құзыреті:** белгілі бір дәрежедегі аударма түрлерін негізінде байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыра алады.

**Пререквизиттер:** AIK 2205 Аударма ісіне кіріспе

**Постреквизиттер:** ShTIKZh 4102 Шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізу

## **VI семестр**

1. ShTAMO (C1) 3201 Шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (C1) – 5 кредит

2. ShTOP 3205 Шетел тілін оқытудың психологиясы (ағылшын тілінде) – 5 кредит

### **Элективті пәндер:**

**1. EShTAMO (B2) 3202 Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-жалғастырушы деңгей) – 5 кредит**

**Мақсаты:** Студенттердің әрі қарайғы коммуникативті-интермәдени және кәсіби біліктіліктерін дамыту табылады.

**Мазмұны:** Қатынастың арнайы кәсіби саласы. Білім мен ғылым. Шетел тілін оқытудағы мәдениеттердің диалогы.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** полилогтық қатынасқа қатысу, идиомалық, фразалық тіркестерді олардың коннотативті мағынасын ескере отырып қолдану, сөйлеуді түрлендіру арқылы мағынаның астарлы мағынасын қолдану;

**-Білігі:** Кәсіби-негізделген қатынас стиліне негізделген тапсырмалар шешу арқылы кәсіби-бағытталған қабілеттерді қалыптастыру.

**-Құзіреттері:** Пәннің мазмұны мен мақсаттарын студенттің тәжірибелік қажеттіліктеріне жақындату.

**Пререквизиттер:** EShTAMO 3103 Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-бастапқы деңгей)

**Постреквизиттер:** ShTIKZh 4102 Шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізу

## **2. EShTR 3202 Екінші шетел тілінің риторикасы – 5 кредит**

**Мақсаты:** Араб әдебиетіндегі сын айту мен риторика тарихын үйрету. Пән бойынша негізгі терминдерді үйретіп, бастапқы кітаптардағы көне араб сын мәселелерінің негіздерін білу.

**Мазмұны:** Стилистика мен поэтика. Мәтіндерге сын айтудағы риториканың категорияларына анализ жасау.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Араб риторикасының тарихы мен белгілерін және негізгі кітаптарымен таныс болу.

**-Білігі:** Негізгі терминдерге негізделе отырып мектептердің дамуын, кезеңдерге бастауын теориясын оқыту бұларды оқыту барасында әртүрлі деңгейдегі араб мәтіндерін теория мен тәжірибе жағынан көңіл бөлу.



**-Құзыреті:** Араб риторикасы арқылы жаңа көзқарастар қалыптастыру, шешендік өнер аясында түрлі мәліметтерді жинастырып қазақ риторикасымен салыстыра отырып, айырмашылығын анықтай алуы.

**Пререквизиттер:** OShKhA 3107 Оқытылатын шетел тілі халықтарының әдебиеті

**Постреквизиттер:** SF 3204 Салғастырмалы фразеология

## 1. AMShT 3203 Академиялық мақсаттағы шетел тілі (екінші) – 5 кредит

**Мақсаты:** Шетел тілін оқу ғылыми және академиялық қатынастар тілі ретінде меңгеру.

**Мазмұны:** Академиялық қатынас. Коммуниканттар мінездемесі. Жазбаша және ауызша қатынастардың ерекшеліктері. Ғылыми стиль. Академиялық оқу.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** шетел тілінде интерпретациялау, дәлелдеу, аргументтеу, өз ойын еркін білдіру.

**-Білігі:** өз ойын анықтай алу, қорытынды жасай алу негізінде қорғай алу.

**-Құзіреттері:** Кәсіби салада арнайы-кәсіби қатынас және тақырыптық сөйлеуді қалыптастыру.

**Пререквизиттер:** EShTAMO 3103 Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-бастапқы деңгей)

**Постреквизиттер:** ShTIKZh 4102 Шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізу

## 2. EShTST 3203 Екінші шетел тілінің салыстырмалы типологиясы – 5 кредит

**Мақсаты:** Салыстыратын тілдердегі ұлттық-спецификалық элементтер таба отырып, типологиялық сараптама коммуникативтік лингвистика мақсаттарын шешуге көмектеседі және тілдің коммуникативтік бірлігінің ұлттық-мәдени аспектіні зерттейді, тіл деңгейлеріне қарай құрастырылған, себебі типологиялық сипаттар әсіресе жеке тілдік дейгейге байланысты. Материалды былай зерттеу тілдік құрылым деңгейінің және өзара бағыныштылығын анықтап, проблемалы оқытудың мүмкіндіктерін іске асыруға көмектеседі.

**Мазмұны:** «Екінші шетел тілінің салыстырмалы типологиясы» курсы фонетика, грамматика, лексика, тіл тарихы пәндерінің теориялық курсына негізделген. Пәнаралық байланыстарды іске асыруды

мақсат етіп, лингвистикалық цикл курсының теоретикалық зерттелуіне кең мүмкіндік туғызады.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Тілдік білім берудің даму шартын ұштастыру.

**-Білігі:** Тіл салаларын салыстырмалы түрде қарастырып, егжей-тегжейлі үйренеді.

**-Құзыреті:** тілдің коммуникативтік бірлігінің ұлттық-мәдени аспектіні зерттеуді меңгереді.

**Пререквизиттер:** EShTAMO 3103 Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-бастапқы деңгей)

**Постреквизиттер:** ShTIKZh 4102 Шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізу

## 1. SF 3204 Салғастырмалы фразеология – 6 кредит

**Мақсаты:** Бұл курс шет тілі жүйесіндегі фразеологиялық тіркестердің құрылымындағы және қызметіндегі жалпы принциптерді зерттеуге арналған. Курс студенттерге кез-келген тілдің лексика-семантикалық және фразеологиялық жүйесі әмбебап және бірегейдің бірлігі негізінде ұйымдастырылғандығын ұғындырады, сондай-ақ оларды туыс емес тілдердің лексикалық-фразеологиялық жүйелерін салғастырмалы түрде зерттеу әдістемесімен таныстырады.

### **Нәтиже:**

**- Білімі:** Ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегіне өткізеді. Білім алушы өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады.

**-Білігі:** Ауызша және жазбаша сөйлеуде заманауи фразеологиялық қорды қолдану.

**-Құзыреті:** Алған білімді кәсіби бағытта қолдану.

**Пререквизиттер:** OShKhA 3107 Оқытылатын шетел тілі халықтарының әдебиеті

**Постреквизиттер:** KMLT 4101 Көркем мәтінді лингвистикалық талдау

## 2. Lex 3204 Лексикология – 6 кредит

**Мақсаты:** Пәннің мақсат-міндеттерін білу, шетел тілі бойынша теория мен тәжірибені ұштастыра білу.

**Мазмұны:** Студенттерді оқытылатын шетел тілінің сөздік құрамы жайындағы ғылымның қазіргі жағдайымен таныстыру.

**Нәтиже:**

**-Білімі:** Лексикалық және фразеологиялық бірліктердің құрылымдық-мағыналық өзгерістерін түсіндіре алуға тиіс.

**-Білігі:** Сөз теориясы туралы ғылыми-теориялық көзқарастарды сын көзбен ойлауды дамыту.

**-Құзыреті:** Тілдің қызметін бара бар пайдалана алу.

**Пререквизиттер:** ТВК 2207 Тіл біліміне кіріспе (ағылшын тілі)

**Постреквизиттер:** KMLT 4101 Көркем мәтінді лингвистикалық талдау

**1. ShTOABA 3206 Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі – 4 кредит**

**Мақсаты:** студенттерді оқу процесін ұйымдастырудың негізгі тапсырмалары мен принциптерімен таныстыру, арнайы бағытталған әдістемелі ғылым мен жаңа үлгідегі мектептегі шетел тілдерін тиімді түрде үйретуді іске асыра алатын мұғалімдерді жоғары кәсіби деңгейде дайындау.

**Мазмұны:** Шетел тілдерін оқытудың қазіргі заманғы әдістемесінің теориялық-әдістемелік негіздері. Шетел тілдерін оқытудың әдістік негіздері. Шетел тілі бойынша оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыру.

**Нәтиже:**

**-Білімі:** Болашақ мамандарды қазіргі заманның білім беру мектептерінде шетел тілін оқытудың оқу процесін ұйымдастыру заңдылықтары жайында терең білімі меңгеріледі.

**-Білігі:** Шетел тілдерін арнайы бағытталған оқыту процесін ұйымдастырудың жалпы заңдылықтары туралы білімдер қалыптасады.

**-Құзыреті:** Алған білімді кәсіби бағытта қолдану.

**Пререквизиттер:** ShTOP 3205 Шетел тілін оқытудың психологиясы (ағылшын тілінде)

**Постреквизиттер:** ShTOZB 4105 Шетел тілін оқытудың заманауи бағыттары

**2. ShTOIT 3206 Шетел тілін оқытудың инновациялық технологиялары – 4 кредит**

**Мақсаты:** Интерактивтік әдіс – күрделі құрылымды тәсіл және біртұтас

педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр тәрбиеленуші өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

**Мазмұны:** студенттердің кәсіби-әдістемелік және лингвистикалық біліктілігін қалыптасады.

**Нәтиже:**

**-Білімі:** Ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегіне өткізеді. Білім алушы өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады.

**-Білігі:** Білім алушының танымдық, шығармашылық қабілеті қалыптасады.

**-Құзыреті:** Ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді. Тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

**Пререквизиттер:** ShTOP 3205 Шетел тілін оқытудың психологиясы (ағылшын тілінде)

**Постреквизиттер:** ShTOZB 4105 Шетел тілін оқытудың заманауи бағыттары

**VII семестр**

**Элективті пәндер:**

**1. KMLT 4101 Көркем мәтінді лингвистикалық талдау – 5 кредит**

**Мақсаты:** Шетел тілі біліміндегі грамматика, тіл білімі мәселелері оқыту көзделеді.

**Мазмұны:** Грамматика саласы бойынша көзқарастары.

**Нәтиже:**

**-Білімі:** Шетел тілін ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдану, ағылшын қайнар көздерінен пайдалану;

**-Білігі:** ағылшын тілінде ғылыми ізденістер жасау және күнделікті оқуда қолдану;

**-Құзыреттері:** Пәннің мазмұны мен мақсаттарын студенттің тәжірибелік қажеттіліктеріне жақындату.

**Пререквизиттер:** Lex 3204 Лексикология

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

**2. OShTT 4101 Оқытылатын шетел тілінің тарихы – 5 кредит**

**Мақсаты:** Білім алушыларға шетел тілінің тілдік ерекшеліктерін, фонетикалық, дыбыстардың қолданылуын, айтылуын сөйлеу әрекетінде қолдана білу, оқып жатқан тілде сөйлеу әрекеті түрлерін жетілдіру

іскерлігі; жазу, сөйлеу, тыңдау және оқу жолдарын үйретуді мақсат етеді, тілдің композициялық тілдік түрлерін білу, өзге тілдің жазба мәтіннің ұйымдастыру ережелерін, сөйлеу түрлерін және терминдерді үйренеді.

**Мазмұны:** Оқу жылында жалпы Еуропалық шетел тілдерін меңгеру В1 Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің талаптарын ескере отырып шетел тілдер мамандарын дайындау саласында студенттердің шетел тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттерін мәдениетаралық деңгейде қалыптастыру, продуктивтік және рецептивтік материалды тереңдете және кеңейте түсу жұмыстары жалғастырылады.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Студенттерді ағылшын тілінің фонетикасы, грамматикасы ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу және жазу әрекеттеріне машықтандыру;

**-Білігі:** Алған білімін тәжірибемен сәйкестендіру, күнделікті өмірде пайдалана алу.

**-Құзыреті:** белгілі бір дәрежедегі лексикалық қор негізінде байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыра алады.

**Пререквизиттер:** Lex 3204 Лексикология

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

### **1. ShTIKZh 4102 Шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізу – 6 кредит**

**Мақсаты:** Шетел тіліндегі іс-қағаздар стилін, ерекшеліктерін, олардың шығу тегін, таралу сипатын, ұлттық және әдеби тілге қарым-қатынасын зерттеу болып табылады.

**Мазмұны:** Мәтіндерді тарихи мәліметтерге сүйене отырып, іс-қағаздар стилінің даму сипатын, қалыптасу тарихын ашу.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Арыз, өтініш, ресми іс-қағаздарды жоғары сатыда, сауатты түрде жазу.

**-Білігі:** Ресми іс-қағаздарды, хаттарды рәсімдей білу.

**-Құзыреті:** Студенттер сауатты түрде құжаттың түрін күнделікті ауызекі тілмен жеткізіп білуі қажет.

**Пререквизиттер:** IShT 3104 Іскерлік шетел тілі

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

### **2. АКК 4102 Араб каллиграфиясы мен қолжазбалары – 6 кредит**

**Мақсаты:** Көркем әрі анық жазу өнер түрлерімен танысу. Каллиграфия тарихы, қаріп және жазу құралдары, стилистика өнерінің даму тарихымен танысу.

**Мазмұны:** Хатқа графикалық эмоционалды-бейнелі ұғым беру жолдарын үйрету. Каллиграфия принциптері мен қолданылуы. Таңбалар және сәнді өрнек түрлері. Ислам елдеріндегі каллиграфия өнерінің ірі өкілдері, “насхи” қарпінің шеберлері, Ибн Мукла (10 ғасыр). Ибн Бавваб (11 ғасыр), Сұлтан Әли Мешхеди (15 ғасыр, “насталик” қарпінің шебері) және. Кітап басу және машинамен жазу ісінің өрістеу және одан басқа каллиграфияның қолданылуын азайтқан факторлар.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Тілдік білім берудің даму шартын ұштастыру.

**-Білігі:** Тіл салаларын салыстырмалы түрде қарастырып, егжей-тегжейлі үйренеді.

**-Құзыреті:** тілдің коммуникативтік бірлігінің ұлттық-мәдени аспектіні зерттеуді меңгереді.

**Пререквизиттер:** Lex 3204 Лексикология

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

### **1. EShKKKD 4106 Екінші шетел тілі қарым-қатынасының коммуникативті дағдылары – 5 кредит**

**Мақсаты:** Араб тілінің қарым-қатынасының коммуникативті дағдыларын жүзеге асыру.

**Мазмұны:** Мәдениетаралық кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** полилогтық қатынасқа қатысу, идиомалық, фразалық тіркестерді олардың коннотативті мағынасын ескере отырып қолдану, сөйлеуді түрлендіру арқылы мағынаның астарлы мағынасын қолдану:

**-Білігі:** Кәсіби-негізделген қатынас стиліне негізделген тапсырмалар шешу арқылы кәсіби-бағытталған қабілеттерді қалыптастыру.

**-Құзыреттері:** Пәннің мазмұны мен мақсаттарын студенттің тәжірибелік қажеттіліктеріне жақындату. Меңгерілген құзіреттілікті болашақ кәсіби жұмыста пайдалану.

**Пререквизиттер:** ShTOABA 3206 Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

## 2. OEShTM 4106 Оқытылатын екінші шетел тілінің сөйлеу мәдениеті – 5 кредит

**Мақсаты:** Мәдениаралық қарым-қатынас қабілетін қалыптастыруда өз мәдени ерекшелігін білу негізінде басқа мәдениет өкілдерін жақсы түсіну мен қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру.

**Мазмұны:** Мәдениаралық қарым-қатынас ұғымы Мәдениет ұғымы Қарым-қатынас ұғымы Мәдениаралық ерекшеліктер. Мәдениаралық қарым-қатынас параметрлері: коммуникативті жолдар (вербальді және вербальді емес), дүниетаным, рөлдік қарым-қатынас, ойлау моделдері. Мәдени әртүрлілік.

### **Нәтиже:**

**- Білімі:** Маңызды саяси, экономикалық, мәдени тақырыптар мен фактілер туралы мәдениаралық қарым-қатынаста теориялық білімді қолдана алу;

**- Білігі:** Оқытылатын тіл елінің мәдениеті арқылы мәдениет туралы мәліметті меңгеру; мәдени ерекшеліктерге сезімтал болу, әр халықтың мәдениетіне құрмет көрсету; кездейсоқ ситуацияларда позитивті көзқарас таныту, ерекше іс-әрекет пен альтернативті шешім шығаруға шыдамдылық таныту; басқа мәдениет өкілдерімен қатынас кезінде іс-әрекеттің өзгерісіне адекватты түрде қабылдау;

**- Құзыреті:** мәдениаралық коммуникация кезінде нақты ситуацияларға бейім болу, мәселелерді шешу, мүмкін конфликтілерді шешу; білім алуды шыңдау; алған білімдерді кәсіби ғылыми-зерттеу жұмыс кезінде қолдану.

**Пререквизиттер:** ShTOABA 3206 Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

## 1. КО 4103 Креативті ойлау – 5 кредит

**Мақсаты:** Түрлі сипаттағы мәтінге бес кредит мәтін алдындағы және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды құрастыру, оқу мен тыңдап түсінуде тексерудің түрлерін, тестерді қолдануда және оларды жүргізуде нұсқау

құрастыра алады.

### **Мазмұны:**

Ойлау әрекетінің мәдениетаралық және кәсіптік ерекшеліктерін ескере отырып шетел тілінде ауызша, жазбаша түрде қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

### **Нәтиже:**

**- Білімі:** Арнайы әдістемелік жұмыстарды жүргізуге арналған.

**- Білігі:** Оқудың мәдениетаралық, кәсіби қарым-қатынасын, филологиялық бағытын тереңдетуге бағыттау.

**- Құзыреттері:** Оқытылатын тіл елінің ұлттық мәдени ерекшеліктерін есепке ала отырып, мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыра білу.

### **Пререквизиттер:**

ShTOIT 3206 Шетел тілін оқытудың инновациялық технологиялары

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

## 2. STO 4103 Сыни тұрғыда ойлау-5 кредит

**Мақсаты:** Оқыған материалдарын толық түсініп, талдай алуға, сыни түрде сипаттауға үйрету.

**Мазмұны:** Дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру.

### **Нәтиже:**

**- Білімі:** Шетел тілі бойынша негізгі теорияларды игеріп, тәжірибеде қолдана білу;

**- Білігі:** Пән бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу;

**- Құзыреті:** Пәннің мақсат-міндеттерін білу, ағылшын тілі бойынша теория мен тәжірибені ұштастыра білу.

**Пререквизиттер:** ShTOIT 3206 Шетел тілін оқытудың инновациялық технологиялары

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

## 1. GZhZh 4715 Ғылыми жұмыс жоспарлау – 5 кредит

**Мақсаты:** Ғылыми жұмыстарды жоспарлау негіздерімен таныстыру.

**Мазмұны:** Аталған курс студенттердің ізденіс, шығармашылық, сараптау және логикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған

### **Нәтиже:**

**- Білімі:** Студенттік ғылыми зерттеу жұмысын орындау кезінде өзбетімен теориялық және

эксперименттік зерттеулерді өткізу икемділігін меңгереді.

**-Білігі:** Ғылыми ізденістері нәтижелерін қорытып, өңдеп, толықтырып біріншілік құжат бетінде көрсете білу икемділігін меңгере білуі.

**-Құзіреттері:** Компетенцияларды болашақ кәсіби жұмыста қолдану.

**Пререквизиттер:** ShTIKZh 4102 Шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізу

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

## 2. ZA 4715 Зерттеу әдістері – 5 кредит

**Мақсаты:** Ғылыми зерттеу саласында қолданылатын тілдік деңгейлермен таныстыру.

**Мазмұны:** Тілдік зерттеулер, әдебиет, техника салаларындағы негізгі терминдермен танысу.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Әртүрлі ғылыми зерттеу салаларындағы шетелдік озық ой үлгілерін игеру.

**-Білігі:** Таңдаулы оқытылатын тіл мәтіндерінің жинағы арқылы әртүрлі ғылыми зерттеу жүргізу.

**-Құзыреті:** Тіл білімін ғылымның басқа да салаларымен тығыз байланыстылығын аңғартып, сөздерді өзінің тиісті саласында қолдана білу.

**Пререквизиттер:** ShTIKZh 4102 Шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізу

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

## 1. ShTOZB 4505 Шетел тілін оқытудың заманауи бағыттары – 4 кредит

**Мақсаты:** Пәнді оқытудың мақсаты тілді түрлендіріп оқыту мазмұны (альтернативтік оқу бағдарламасы, оқулықтар және оқу кешендері).

**Мазмұны:** Тілді тереңдетіп оқыту мазмұны (альтернативтік оқыту бағдарламасы, оқулықтар және кешендері). Тілдік білім берудің даму шартын ұштастыру.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Тілдік білім берудің даму шартын ұштастыру.

**-Білігі:** Тілді түрлендіріп оқыту мазмұны (альтернативтік оқу бағдарламасы, оқулықтар және оқу кешендері).

**-Құзыреті:** Шетел тілдерін оқыту әдістемесі мен теориясына болашақта шетел тілін оқыту үшін мұғалімге қажет білім мен біліктіліктердің біртұтас жүйесі ретінде сипаттама беру.

**Пререквизиттер:** ShTOABA 3206 Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

## 2. ShТОКА 4105 Шетел тілін оқытудың қазіргі әдістемесі – 4 кредит

**Мақсаты:** Болашақ мұғалімдік іс-әрекетке қажетті білімдер мен қабілеттер жүйесі ретінде шетел тілін оқытудың теориясы мен әдістемесіне мінездеме беру.

**Мазмұны:** Шетел тілдерін оқытудың қазіргі заманғы әдістемесінің теориялық-әдістемелік негіздері. Шетел тілдерін оқытудың әдістік негіздері. Шетел тілі бойынша оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыру.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Болашақ мамандарды қазіргі заманның білім мектебі оқушыларын шетел тілін оқытудың оқу процесін ұйымдастыру заңдылықтары жайында терең біліммен қамтамасыз ету.

**-Білігі:** Шетел тілдерін оқыту үрдісін ұйымдастырудың жалпы заңдылықтары туралы білімдер қалыптасады.

**-Құзыреті:** Алған білімді кәсіби бағытта қолдану.

**Пререквизиттер:** ShTOIT 3206 Шетел тілін оқытудың инновациялық технологиялары

**Постреквизиттер:** МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары

## VIII семестр

1. IELTS 4201 Халықаралық IELTS емтиханына дайындау курсы – 6 кредит

2. Дипломалды практика – 6 кредит

3. Диплом жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру – 12 кредит

### 4. Элективті пәндер:

1. КОАТ 4202 Қашықтықтан оқытудың әдістемелері және технологиялары – 6 кредит

**Мақсаты:** Болашақ мұғалімдік іс-әрекетке қажетті білімдер мен қабілеттер жүйесі

ретінде шетел тілін оқытудың теориясы мен әдістемесіне мінездеме беру.

**Мазмұны:** Ақпаратты қашықтан жеткізу технологиялары. Сабақтарды қашықтан ұйымдастыру формалары. Ақпарат жеткізу орталары (пошта, теледидар, радио, ақпараттық коммуникациялық желілер), ақпарат алмасу орталарына тәуелді болатын әдістер. Техникалық ресурстарды қолданудың ерекшеліктері. Жеке оқыту әдісі. Виртуалды лекция әдісі. Ұжымдық онлайн семинарлар әдісі. Өздік жұмыстарды зерттеу әдісі. Эвристикалық олимпиадаларды, байқаулар мен оқытушылар құрамының біліктілігін жоғарлату курстарын өткізу. Өз-өзін қатаң тәртіп пен бақылауда ұстау және өз болашағын үшін жауапкершілік сезінудің, өз-өзін дамыту қажеттілігін сезіну артықшылықтары.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Арнайы бағдарламалар мен ақпараттық интернет технологияларын қашықтықтан оқыту барысында қолдану.

**-Білігі:** Шетел тілдерін оқыту үрдісін ұйымдастырудың жалпы заңдылықтары туралы білімдер қалыптасады.

**Пререквизиттер:** ShTOABA 3206 Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі

**Постреквизиттер:** Жоқ

#### **МКВ 4202 Мұғалімнің кәсіби бағдарлары – 6 кредит**

**Мақсаты:** Болашақ мұғалімдік іс-әрекетке қажетті білімдер мен қабілеттер жүйесі ретінде шетел тілін оқыту.

**Мазмұны:** Оқушыларды өтіп жатқан пәннің ерекшелігін ескере отырып оқыту және тәрбиелеу; Тұлғаның әлеуметтенуіне, тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, кәсіби білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдап, оларды меңгеруіне жәрдемдесу; оқытудың түрлі әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдану, оқушыларды Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес деңгейде әзірлеуді қамтамасыз ету; ҚР «Білім беру» турасындағы заңы мен баланың құқықтары Конвенциясында көрсетілген білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау қажеттілігін ұғыну, кәсіби біліктілікті, әдістемелік ұйымдардың жұмысын және өзге әдістемелік жұмыстардың деңгейін жүйелі түрде

жоғарлату, ата-аналармен (өкілдерімен) байланыста болу, еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін орындау, қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, оқыту барысында оқушылардың өмірлері мен денсаулықтарын қорғауын қамтамасыз ету.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Болашақ мамандарды қазіргі заманның білім мектебі оқушыларын шетел тілін оқытудың оқу процесін ұйымдастыру заңдылықтары жайында терең біліммен қамтамасыз ету.

**-Білігі:** Академиялық және кәсіби ортадағы қарым-қатынас жағдайындағы коммуникация мәселелерін дұрыс шешу.

**Пререквизиттер:** ShTOABA 3206 Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі

**Постреквизиттер:** Жоқ